

Нұрлы-көш орта мектебі КММ

2021-2022 оқу жылы

Қамқоршылық кеңестің №1 отырысы хаттамасы

Өткізілген күні: 17.09.2021

Өткізілген орны: Нұрлы-көш орта мектебі КММ

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, кеңес мүшелері

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Мектеп қамқоршылық кеңесінің құрамын қайта бекіту:
ҚК төрағасын, орынбасары мен хатшысын сайлау
2. Негізгі жұмыс бағыттарын анықтау, әдістемелік ұсыныстармен және білім беру жүйесінде қамқоршылық кеңестерді құру бойынша нормативтік-құқықтық базаның өзгерістерімен танысу, мектеп Жарғысымен таныстыру
3. 2021-2022 оқу жылына арналған ҚК жұмыс жоспарын бекіту
4. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Мектеп директоры Уразтаева А.К. жиналғандарға бүгінгі жиынның мақсат-міндеттерін айта отырып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Мектеп басшысы күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша бұрынғы кеңес төрағасы зейнеткерлікке шығуына орай өз қызметінен бас тартуына байланысты ҚК төрағасын сайлау, оның орынбасары мен хатшысын сайлау қажеттігін, олардың функционалдық қызметтерімен таныстырды.

Жарыссөз: ҚК мүшесі Шуканова Н.Н. аталған мәселе бойынша ҚК төрағалығына Көктау ауылдық әкімдігі бас маманы А.Әліп-ті ұсынатынын, Асылбектің жас болуына қарамастан ұйымдастырушылық қабілетін байқап жүргендігін алға тартты.

Өз кезегінде басқа қатысушылар да қолдап, Әліп Асылбек Еділұлы да қарсы еместігін айтты. Сонымен қатар қатысушылар тарапынан төраға орынбасарлығына Көктау ауылдық округі жетекші маманы Н.Ж.Жолмағамбетова ұсынылып, хатшы міндеті директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.К.Коразбековаға жүктелді.

Күн тәртібіндегі негізгі жұмыс бағыттарын анықтау, әдістемелік ұсыныстармен және білім беру жүйесінде қамқоршылық кеңестерді құру бойынша нормативтік-құқықтық базаның өзгерістерімен танысу, мектеп Жарғысымен таныстыру мәселесі бойынша ҚК мүшесі Шуканова Н.Н. таныстырды. Нуржамал Нагашибаевна мектептегі қамқоршылық кеңестің мақсат-міндеттері мен мектеп өміріндегі маңызды рөлі туралы, кеңес сүйенетін және негізделген құжаттармен таныстырып, мектеп ережесінің мәтінін оқып берді.

Жарыссөз: ҚК мүшесі Ж,К,Бижанова

аталған мәселе бойынша өз пікірін білдіре отырып, мектеп ережесінің ата-аналар комитеті тарапынан қолдау тапқан-таппағандығы туралы сұрақ қойды. Бұл сұраққа мектеп басшысы тарапынан жауап беріліп, ата-аналармен келісіле отырып бекітілген ереже екендігі айтылды.

2021-2022 оқу жылына арналған ҚК жұмыс жоспарын бекіту мәселе бойынша жиналғандарға кеңес мүшелері тарапынан алдын ала дайындалған жобалық жұмыс жоспары ұсынылып, талқыланды. Нәтижесінде кеңес төрағасы мен мүшелері де үлгілік жоспарды нақтылап, бекітуге ұсыну туралы пікірлерін білдірді.

«Мектепке жол» акциясының қорытындысы туралы мектептің әлеуметтік педагог Иманова Г.Е. сөз алып, тамыз-қыркүйек айы барысында жүргізілген акцияның нәтижесімен таныстырды: 2021-2022 оқу жылындағы «Мектепке жол» акциясы аясында мектеп оқушыларына жалпы сомасы 350.500 теңге көлемінде қайырымдылық жасалды. Тарата айтқанда:

- Ақтөбе мыс компаниясы -188500 тг.;
- Хромтау ауданының кәсіпкері «Жантик» дүкенінің сатушысы Жанобаева Жумагул Д ханым 1 спорттық аяқ киім, 3 футболка табыс етілді. 12500 тг көлемінде көмек көрсетті.
- Хромтау ауданы, ДГОК-120000 тг. көмек көрсетті. Жеке санаттағы оқушыларға мектеп сумкасымен оқу құралдарын берді.
- «Дәулет» дүкенінің кәсіпкері Бижанова Жадыра Қажығалиқызы 30 000 тг көлемінде жекеленген санаттағы оқушыларға көмек көрсетті. «Ер-Ырыс» дүкенінің кәсіпкері Самал Ержанқызы 5000тг демеушілік көрсетті. Оқушыларымызға сызу дәптері, альбом, сызғыш, түрлі түсті қағаздар, есеп дәптер 10шт, жазу дәптер 10, дара дәптер 10, общ. дәптер-3 шт. қарандаш -3шт, обложка 10 шт, өшіргіш-3, пеналь -1шт, ұштағыш-3 шт, түрлі түсті 6 шт қарандаш берілді.

Жеке кәсіпкер Қыдырханова Жақсыгүл Мусабаевна 7000 мың тг көлемінде жекеленген санаттағы оқушыларға оқу құралдарымен көмек көрсетті.

ЖББҚ нан 3 оқушыға көмек берілді. Оқушыларымызды қажетті оқу құралдарымен қамтыды.

Кеңес соңында қаралған мәселелер бойынша қаулы қабылданды.

ҚАУЛЫ:






1. Мектеп қамқоршылық кеңесінің құрамы төмендегіше қайта бекітілсін:
Төраға: Әліп А.Е.
Орынбасары: Жолмағамбетова Н,Ж.
Мүшесі: Сыдық А.Б.
Мүшесі Жубаншешева З.К. 
Мүшесі: Бижанова Ж.К.
Мүшесі: Шуканова Н.Н.
Мүшесі: Талманова А.

Мүшесі: Абишова Н.Р.

Мүшесі: Избасқанова С.Е.

Хатшысы: Коразбекова М.К.

2. Кеңес мүшелері негізгі жұмыс бағыттарын анықтау, әдістемелік ұсыныстармен және білім беру жүйесінде қамқоршылық кеңестерді құру бойынша нормативтік-құқықтық базаның өзгерістерімен және мектеп Жарғысымен таныстырылғандықтан, ақпараттандырылды деп танылсын.
3. 2021-2022 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңес жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар жүргізілсін.
4. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы туралы есебі қанағаттанарлық деп танылсын. Көмекке мұқтаж отбасы балаларына қайырымдылық акциялары кезінде көмек көрсету ісі жалғасын тапсын.

Төраға:  Әліп А.Е.
Орынбасары:  Жолмағамбетова Н.Ж.
Мүшесі:  Сыдық А.Б.
Мүшесі:  Жубанышева З.К.
Мүшесі:  Бижанова Ж.К.
Мүшесі:  Шуканова Н.Н.
Мүшесі:  Талманова А.
Мүшесі:  Абишова Н.Р.
Мүшесі:  Избасқанова С.Е.
Хатшысы:  Коразбекова М.К.